

Мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің меншікті қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 4-1/399 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 24 маусымда № 11433 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 4-6/1112 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2020 № 4-6/1112 (осы бұйрық 2016 жылғы 2 қаңтардан бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

"Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 32-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің меншікті қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрі
_____ Б. Сұлтанов
2015 жылғы " " _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі № 4-1/399
бұйрығымен бекітілген

Мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің меншікті қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің меншікті қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Астық туралы" 2001 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің өзінің қаржылық-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есеп жүргізудің тәртібін айқындайды.

2. Бухгалтерлік есепті (бұдан әрі – есеп) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес агент жүзеге асырады.

Осы Қағидаларды қолдану мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) агенттің негізгі қызметі – мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру, жаңарту, орнын ауыстыру және пайдалану жөніндегі қызмет;

2) агенттің негізгі емес қызметі – агенттің мемлекеттік астық ресурстарын басқарумен байланысты заңнамамен тыйым салынбаған өзге қызметі;

3) мемлекеттік астық ресурстарын (бұдан әрі – мемлекеттік ресурстар) басқару – агенттің шарт негізінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) айқындаған құзырет шегінде мемлекеттік ресурстарды басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыруы.

3. Мемлекеттік астық ресурстарын басқару жөніндегі агенттің операцияларының есебін жүргізу агенттің өзінің қаржылық-шаруашылық қызметі жөніндегі операциялардан бөлек жүзеге асырылады.

4. Жылдық қаржылық есептілік үшін 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі күнтізбелік жыл есептік кезең болып табылады. Уәкілетті органға жылдық қаржылық есептілікке қосымша тоқсандық есептілік ұсынылады.

2. Мемлекеттік астық ресурстарымен және агенттің меншікті қаржы-шаруашылық қызметімен жасалатын операцияларды бөлек есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің тәртібі

Параграф 1. Кірістердің есебі

5. Негізгі және негізгі емес қызметтерден алынған кірістер мемлекеттік ресурстармен жасалатын операциялардан алынған жиынтық кірісті құрайды.

6. Агенттің негізгі қызметінен алынатын кірістерге:

1) ресурстар түрлері бөлінісінде мемлекеттік ресурстарды пайдаланумен (өткізумен) байланысты кірістер;

2) сатылған өнімнің қайтарылуы;

3) бағаның және сатылымдардың жеңілдіктері жатады.

7. Агенттің негізгі емес қызметінен алынатын кірістерге:

1) берілген тауарлық несиелер бойынша сыйақылар жөніндегі кірістер;

2) жедел салымдар мен ағымдағы және корреспонденттік шоттар бойынша сыйақылар жөніндегі кірістер;

3) алынған қарыздар бойынша сыйлықақылар амортизациясы жөніндегі кірістер;

4) мемлекеттік субсидиялардан түсетін кірістер;

5) бағамдық айырмадан түсетін кірістер;

6) өзге де кірістер жатады.

Параграф 2. Шығыстардың есебі

8. Мемлекеттік ресурстармен жасалатын операциялар бойынша шығыстар мыналардан тұрады:

1) өткізілген өнімнің өзіндік құны;

2) өнімді өткізу және қызметтер көрсету жөніндегі шығыстар;

3) сақтауға арналған шығыстар;

4) алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы жөніндегі шығыстар;

5) бағамдық айырма жөніндегі шығыстар;

6) гуманитарлық көмек көрсету жөніндегі шығыстар;

7) корпоративтік табыс салығы жөніндегі шығыстар;

8) дүлей зілзалалар кезінде шеккен шығыстар;

9) комиссиялық сыйақы жөніндегі шығыстар;

10) өзге де шығыстар.

Параграф 3. Қорлардың есебі

9. Қорлар мыналардан тұрады:

- 1) мемлекеттік азық-түліктік астық резерві;
- 2) мемлекеттік жемдік астық ресурстары;
- 3) мемлекеттік тұқым ресурстары;
- 4) мемлекеттік өткізілетін астық ресурстары;
- 5) мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары.

10. Қорлардың құнын бағалау агенттің есеп саясатында айқындалған әдіспен жүргізіледі.

Параграф 4. Ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының есебі

11. Мемлекеттік ресурстармен байланысты ақшалай қаражаттар агенттің екінші деңгейлі банктерде ашылған ағымдағы банктік шоттарында есепке алынады.

12. Депозиттік шоттарда орналастырылған ақшалай қаражаттар қаржылық инвестициялар ретінде есепке алынады және мемлекеттік астық ресурстарымен байланысты операциялар бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есептілікте көрсетілмейді.

13. Агент екінші деңгейлі банктермен агенттің ағымдағы банктік шоттарындағы ақшалай қаражаттардың қалдығына сыйақы есептеуге арналған шарттар жасайды.

Депозиттік және ағымдағы шоттарға есептелген сыйақы түрінде алынған ақшалай қаражаттар мемлекеттік астық ресурстарымен жасалатын операциялармен байланысты сақтау, салықтарды және/немесе өзге де төлемдерді төлеу жөніндегі берешекті жабуға бағытталуы мүмкін.

Параграф 5. Дебиторлық берешектің есебі

14. Дебиторлық берешек:

- 1) өткізілген мемлекеттік ресурстар бойынша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді дебиторлық берешек;
- 2) тауарлық несиелер бойынша дебиторлық берешек;
- 3) салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер;
- 4) берілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді аванстар;
- 5) алуға жататын қысқа мерзімді сыйақылар;
- 6) өзге де дебиторлық берешек болып бөлінеді.

Параграф 6. Міндеттемелердің есебі

15. Агенттің міндеттемелері:

- 1) сатып алынған мемлекеттік ресурстар бойынша өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек;
- 2) мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша өнім берушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек;
- 3) мемлекеттік ресурстарды жеткізуге алынған қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді аванстар;
- 4) мемлекеттік астық ресурстарын сатып алуға алынған қаражат бойынша республикалық бюджет алдындағы міндеттемелер;
- 5) агенттің өзінің қаржылық-шаруашылық қызметі алдындағы мемлекеттік ресурстар жөніндегі қызмет міндеттемелері;
- 6) қосылған құн салығы бойынша бюджет алдындағы міндеттемелер;
- 7) корпоративтік табыс салығы және корпоративтік табыс салығы бойынша шегерілген салықтық міндеттемелер бойынша бюджет алдындағы міндеттемелер ;
- 8) өзге де кредиторлық берешек болып бөлінеді.

Параграф 7. Қорытынды кіріс (залал)

16. Есептік кезеңнің соңында кірістер мен шығыстар "Қорытынды пайда (Қорытынды залал)" шотында жинақталады, онда түпкілікті қаржылық нәтижені қалыптастыру жөніндегі ақпарат қорытылады.

17. Мемлекеттік ресурстармен жасалатын операциялар жөніндегі есептілікке мыналар кіреді: осы Қағидаларға 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік астық ресурстарымен байланысты операциялар бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы есеп, мемлекеттік астық ресурстары жөніндегі қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп, мемлекеттік астық ресурстарының қозғалысы туралы есеп.

18. Мемлекеттік ресурстармен жасалатын операциялар жөніндегі есептілікті агент уәкілетті органға әр тоқсанның қорытындысы бойынша есептік тоқсаннан кейінгі айдың 30-ына дейінгі мерзімде, сондай-ақ есепті жылдың қорытындысы бойынша есептік жылдан кейінгі жылдың 30 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынады.

Мемлекеттік астық ресурстарымен
және агенттің меншікті қаржы
-шаруашылық қызметімен жасалатын
операцияларды бөлек есепке алу
бойынша бухгалтерлік есептің
қағидаларына 1-қосымша

Нысан

**20 __ жылғы _____ үшін мемлекеттік астық ресурстарымен
байланысты операциялар бойынша ақшалай қаражаттардың қозғалысы
туралы есеп**

(мың теңге)

Көрсеткіштердің атауы	Жолдың №	Сомасы
Кезең басындағы ақшалай қаражаттардың қалдығы	100	
сатып алу бойынша	110	
орнын ауыстыру бойынша	120	
сақтау жөніндегі шығыстарды төлеу бойынша	130	
өзгелері бойынша	140	
Ақшалай қаржаттардың түсімі, оның ішінде	200	
сатып алуға арналған	210	
орнын ауыстыруға арналған	220	
сақтау жөніндегі шығыстарды төлеуге арналған	230	
өзгелері	240	
Ақшалай қаражаттардың шығуы, оның ішінде	300	
сатып алуға арналған	310	
орнын ауыстыруға арналған	320	
сақтау жөніндегі шығыстарды төлеуге арналған	330	
өзгелері	340	
Кезең соңындағы ақшалай қаражаттардың қалдығы	400	
сатып алуға арналған	410	
орнын ауыстыруға арналған	420	
сақтау жөніндегі шығыстарды төлеуге арналған	430	
өзгелері	440	

Басшы _____

Бас бухгалтер _____

Мөр орны (бар болған жағдайда)

" ____ " _____ 20 __ жыл

Мемлекеттік астық ресурстарымен
және агенттің меншікті қаржы-
шаруашылық қызметімен жасалатын
операцияларды бөлек есепке алу
бойынша бухгалтерлік есептің
қағидаларына 2-қосымша

Нысан

**20 __ жылғы _____ үшін мемлекеттік астық ресурстары
жөніндегі қаржылық-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы есеп**

(мың теңге)

Көрсеткіштің атауы	Жолдың №	Сомасы
Кіріс, оның ішінде	010	
мемлекеттік жемдік астық ресурстарын өткізуден түскен кіріс	011	
мемлекеттік тұқым ресурстарын өткізуден түскен кіріс	012	
мемлекеттік өткізілетін астық ресурстарын өткізуден түскен кіріс	013	
мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарын өткізуден түскен кіріс	014	
Өткізілген мемлекеттік ресурстардың өзіндік құны, оның ішінде	020	
өткізілген мемлекеттік жемдік астық ресурстарының өзіндік құны	021	
өткізілген мемлекеттік тұқым ресурстарының өзіндік құны	022	
өткізілген мемлекеттік өткізілетін астық ресурстарының өзіндік құны	023	
өткізілген мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстарының өзіндік құны	024	
Жалпы пайда (010 жол-020 жол)	030	
Өткізу бойынша шығыстар, оның ішінде:	040	
мемлекеттік ресурстарды сақтау бойынша шығыстар	041	
тасымалдау бойынша шығыстар және мемлекеттік ресурстарды өткізумен байланысты басқа да шығыстар	042	
Өзге шығыстар	050	
Өзге кірістер	060	
Операциялық пайданың (залалдың) жиыны (+/-030 жолдан 060 жолға дейін)	070	
Қаржыландыру бойынша кірістер	080	
Қаржыландыру бойынша шығыстар	090	
Өзге операциялық емес кірістер	100	
Өзге операциялық емес шығыстар	110	
Кезең үшін пайда (залал) (070 жол+080жол-090 жол+100 жол-110 жол)	120	
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	130	
Кезең үшін қорытынды пайда (залал) (120 жол-130 жол)	140	

Басшы _____

Бас бухгалтер _____

Мөр орны (бар болған жағдайда)

" ____ " _____ 20 ____ жыл

Мемлекеттік астық ресурстарымен және
агенттің меншікті
қаржылық-шаруашылық
қызметімен жасалатын операцияларды
бөлек
есепке алу бойынша бухгалтерлік есептің
қағидалары 3-қосымша

Нысан

**20 ____ жылғы _____ үшін мемлекеттік астық ресурстарының
қозғалысы туралы есеп**

мың теңге

Мемлекеттік ресурстардың түрлері	Кезеңнің басындағы мемлекеттік ресурстардың қалдығы		Кіріс								Шығарылғаны		
			Мемлекеттік ресурстарға с а т ы п алынғаны		Тауарлық несиелердің қайтарылғаны		Өзгелері		Барлығы:		Мемлекеттік а с т ы қ ресурстарының өткізілгені		Тауа неси беріл
	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна	сомасы , мың теңге	көлемі , мың тонна
Мемлекеттік азық-түліктік астық резерві													
Мемлекеттік жемдік астық ресурстары													
Мемлекеттік тұ қ ы м ресурстары													
Мемлекеттік өткізілетін а с т ы қ ресурстары													
Мемлекеттік тұрақтандыру а с т ы қ ресурстары													
Барлығы:													

Басшы _____

Бас бухгалтер _____

Мөр орны (бар болған жағдайда)

" ____ " _____ 20 ____ жыл